Always here to help you

Register your product and get support at
www.philips.com/welcome

series S5000

Question?
Contact
Philips

PHILIPS


1
2
3
4
5
6
7
8
9
10
11
12
13
14
15
16
17
18
19
20
21
22
23
24
25
26
27
28
PHILIPS

Кіріспе

Өнімді сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips компаниясы ұсынатын қолдауды толығымен пайдалану үшін өніміңізді **www.philips.com/welcome** веб-бетінде тіркеңіз.

Жалпы сипаттама (Сурет 1)

1 Тазалаушы щетка саптамасына арналған қорғау қақпағы (тек кейбір түрлерде)
2 Басып кигізілетін тазалаушы щетка саптамасы (тек кейбір түрлерде)
3 Сақал сәндегіш саптама тарағы (тек кейбір түрлерде)
4 Басып кигізілетін сақал сәндегіш саптама (тек кейбір түрлерде)
5 Басып кигізілетін триммер саптамасы (тек кейбір түрлерде)
6 Ұстара бөлігіне арналған қорғау қақпағы (тек кейбір түрлерде)
7 Басып кигізілетін ұстара бөлігі
8 Қосу/өшіру түймесі
9 Турборежим түймесі (тек кейбір түрлерде)
10 Сап
11 Кішкене штепсельге арналған розетка
12 1 шамы бар батарея зарядтау индикаторы
13 3 шамы бар батарея зарядтау индикаторы
14 Қолдану үшін токтан ажырату белгісі
15 Тасымалдау құлпының белгісі
16 Ауыстыру туралы ескерту
17 Тазалау туралы еске салғыш
18 SmartClean жүйесіне арналған тазалау картриджі
19 SmartClean жүйесі (тек кейбір түрлерде)
20 SmartClean жүйесінің қақпағы

21 Қосу/өшіру түймесі
22 Батарея белгісі
23 Тазалау белгісі
24 Ауыстыру белгісі
25 Дайын белгісі
26 Адаптер
27 Шағын аша
28 Қалта (тек кейбір үлгілерде болады)

Ескертпе. Жинақпен берілген қосалқы құралдар әр түрлі өнімдерде өзгеше болуы мүмкін. Қорапта құрылғымен бірге берілетін қосалқы құралдар көрсетілген.

Маңызды қауіпсіздік ақпараты

Құрылғыны және оның қосалқы құралдарын пайдаланудың алдында осы маңызды ақпаратты мұқият оқып, оны болашақта пайдалану үшін сақтаңыз. Бірге берілетін қосалқы құралдар әр түрлі өнімдер үшін өзгеше болуы мүмкін.

Қауіпті жағдайлар

- Адаптерді құрғақ күйде ұстаңыз.

!Абайлаңыз

- Адаптерде трансформатор бар. Адаптерді ауыстыруға немесе оған басқа штепсельдерді қосуға болмайды: бұл өте қауіпті.
- Бұл құрылғыны 8 және одан жоғары жастағы балалар және дене, сезу немесе ақыл-ой қабілеттері төмен, не болмаса тәжірибесі және білімі жоқ адамдар қадағалаумен немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалануға қатысты нұсқаулар алған және байланысты қауіптерді түсінген жағдайда пайдалана алады. Балалар құрылғымен ойнамауы керек. Балалар тазалауды және күтуді қадағалаусыз орындамауы керек.

- Ағын сумен шаймас бұрын, ұстараны әрдайым розеткадан ажыратыңыз.
- Құрылғыны әрдайым қолданар алдында тексеріңіз. Құрылғы зақымданған болса, оны қолданбаңыз, себебі бұл жарақатқа себепші болуы мүмкін. Әрдайым зақымданған бөлшекті түпнұсқа түрімен ауыстырыңыз.

Абайлаңыз

- Тазалау жүйесін немесе зарядтау қондырмасын суға ешқашан батырмаңыз және ағынды су астында шаймаңыз.
- Ұстараны 80°C-тан жоғары ыстық сумен шауға болмайды.
- Бұл құрылғыны тек пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген арнайы мақсатта қолданыңыз.
- Тазалық мақсатында бұл құралды тек бір адам ғана қолдануы тиіс.
- Адаптер біржолата істен шықпау үшін, адаптерді электр ауатазартқыш қосулы тұрған немесе қосылған розеткаларға жақын қолданбаңыз.
- Құралды тазалау үшін қысылған ауаны, қыратын шүберектерді, қырғыш тазалау құралдарын, сондай-ақ бензин немесе ацетон сияқты сұйықтықтарды пайдалануға болмайды.
- Ұстарада тазалау жүйесі бар болса, әрқашан түпнұсқалық Philips тазалау сұйықтығын (тазалау жүйесінің түріне байланысты картридж немесе бөтелке) пайдаланыңыз.
- Су ағып кетпеуі үшін тазалау жүйесін әрдайым тұрақты, тегіс және көлбеу жерге қойыңыз.
- Егер тазалау жүйесінже тазалау картриджы пайдаланылса, ұстараны тазалау немесе толтыру үшін тазалау жүйесін пайдалану алдында әрқашан картридж бөлімі жабық екенін тексеріңіз.

- Тазалау жүйесі қолдануға дайын болғанда, тазалағыш сұйықтығы ағып кетпеу үшін оны қозғалтуға болмайды.
- Сумен шайған кезде ұстараның төменгі жағындағы тесіктен су ағуы мүмкін. Бұл — қалыпты жағдай және қауіпті емес, себебі бүкіл электрондық бөлшектер электр ұстараның ішіндегі су өткізбейтін қуат бөлігінде орналасқан.

Электромагниттік өрістер (ЭМӨ)

- Осы Philips құрылғысы электромагниттік өрістерге қатысты барлық қолданыстағы стандарттар мен ережелерге сәйкес келеді.

Жалпы ақпарат

- Бұл ұстара су өткізбейді. Су астында тазалау үшін ваннада немесе душта пайдалануға болады. Қауіпсіздік мақсатында ұстараны сымсыз пайдалану қажет.
- Құрылғы 100 - 240 вольтқа дейінгі ток қуатымен жұмыс жасай береді.
- Адаптер 100-240 вольтты 24 вольттан төмен қауіпсіз кернеуге түрлендіреді.
- Ең жоғарғы шу деңгейі: Lc= 69 дБ (A).

Дисплей

Зарядтау

3 шамы бар батарея зарядтау индикаторы

- Зарядтау шамамен 1 сағат алады.
- Жылдам зарядтау: Құрылғы қуат көзіне қосылған кезде, батарея зарядтау индикаторы шамдары бірінен соң бірі үздіксіз жанып тұрады. Құрылғы бір қырынуға жетерлік қуат жинаған кезде, батарея заряды индикаторының төменгі шамы баяу жыпылықтайды.

- Құрылғыны қуат көзіне қосулы қалдырсаңыз, зарядтау процесі жалғасады. Құрылғының зарядталып жатқанын білдіру үшін бірінші төменгі шам жыпылықтайды, одан кейін үздіксіз жанып тұрады. Содан соң, екінші шам жыпылықтайды, одан кейін үздіксіз жанып тұрады, осылай ұстара толық зарядталғанша жалғасады.

шамы бар батарея зарядтау I индикаторы

- Зарядтау шамамен 1 сағат алады.
- Жылдам зарядтау: Құрылғыда бір қырыну үшін қуат жеткіліксіз болған жағдайда, батарея зарядтау индикаторы тез жыпылықтайды. Батарея зарядтау индикаторы баяу жыпылықтай бастаған кезде, құрылғыда бір қырынуға жетерлік қуат бар екенін білдіреді.
- Құрылғыны қуат көзіне қосулы қалдырсаңыз, зарядтау процесі жалғасады. Құрылғының зарядталып жатқанын білдіру үшін батарея зарядтау индикаторы баяу жыпылықтайды.

Батарея толығымен зарядталды

Ескертпе. Бұл құрылғыны тек сымсыз қолдануға болады.

Ескертпе. Батарея заряды толған кезде, дисплей автоматты түрде 30 минуттан кейін өшеді. Зарядтау кезінде қосу/өшіру түймесін бассаңыз, құрылғыны қуат көзінен ажыратуыңыз қажет екенін еске салу үшін "қолдану үшін тоқтан ажырату" белгісі ақ түспен жыпылықтайды. Батарея толығымен зарядталғанда батарея заряды индикаторының барлық шамдары үздіксіз жанады.



- 3 шамы бар батарея зарядтау индикаторы



- 1 шамы бар батарея зарядтау индикаторы

Батарея заряды аз

Батарея заряды таусылуға жақындағанда, батарея заряды индикаторы қызғылт сары түспен жыпылықтайды.

- 3 шамы бар батарея зарядтау индикаторы

- 1 шамы бар батарея зарядтау индикаторы

Батареяда қалған заряд деңгейі

3 шамы бар батарея зарядтау индикаторы

- Батареяда қалған заряд деңгейі үздіксіз жанатын батарея заряды индикаторының шамдарымен көрсетіледі.

Қолдану үшін токтан ажырату"" туралы еске салғыш



- Құрылғы "қолдану үшін токтан ажырату" туралы еске салғышпен жабдықталған. Құрылғыны қосар алдында оны адаптерден ажырату қажет екенін еске салу үшін "қолдану үшін токтан ажырату" белгісі жыпылықтай бастайды.

Тазалау туралы еске салғыш



Жақсылап қырыну үшін, ұстараны әр қолданған сайын тазалап отыру керек.

- Ұстараны өшіргенде тазалау туралы еске салғыш жыпылықтап, ұстараны тазалау туралы еске салады.

Сапар құлпы

Жолға шықпас бұрын, электр ұстараны құлыптап қоюға болады. Тасымалдау құлпы электр ұстараның байқаусызда қосылып кетуін болдырмайды.

Тасымалдау құлпын іске қосу

1 Тасымалдау құлпы режиміне өту үшін, қосу/өшіру түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.

- Тасымалдау құлпын іске қосқан кезде, тасымалдау құлпы белгісі үздіксіз жанып тұрады. Тасымалдау құлпы іске қосулы болғанда, тасымалдау құлпы белгісі жыпылықтайды.

Тасымалдау құлпын өшіру

1 Қосу/өшіру түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.

- Тасымалдау құлпының белгісі жыпылықтайды, одан кейін үздіксіз жанады.

Электр ұстара енді қолдануға дайын.

Ұстара бастарды ауыстыру

Жақсылап қырыну үшін ұстара бастарын әр екі жыл сайын ауыстырып отыруды ұсынамыз.

- Құрылғы ұстара бастарын ауыстыруды еске салатын ауыстыру туралы еске салғышпен жабдықталған. Ауыстыру туралы еске салғыш үздіксіз жанып тұрады.

Ескертпе. Ұстара бастарын ауыстырғаннан кейін қосу/өшіру түймесін 7 секунд бойы басу арқылы еске салғышты бастапқы қалпына келтіру керек.

Турборежим параметрі (тек кейбір түрлерде)

Құрылғы Турборежим немесе Турборежим+ параметрімен жабдықталған. Бұл параметр

жылдамырақ әрі қарқынды қырынуға арналған, және қиын жерлерді қыруды оңайлатады.

Турборежим параметрін іске қосу



1 Турборежим параметрін іске қосу үшін, Турборежим түймесін бір рет басыңыз.

Турборежим параметрін өшіру

1 Турборежим параметрін өшіру үшін, Турборежим түймесін тағы бір рет басыңыз.

Зарядтау

Зарядтау шамамен 1 сағат алады.

Ескертпе. Бұл құрылғыны тек сымсыз қолдануға болады.
Ұстараны бірінші рет пайдалану алдында және дисплей батарея заряды таусылуға жақын екенін көрсеткен кезде зарядтаңыз.

Адаптермен зарядтау



1 Құралдың кішкене шанышқысын зарядтаушыға енгізіп, адаптерді қабырғадағы розеткаға енгізіңіз.

SmartClean жүйесінде зарядтау (тек (кейбір үлгілер

1 Шағын ашаны SmartClean жүйесіне қосыңыз.

2 Адаптерді қабырғадағы розеткаға қосыңыз.



3 Ұстараны ұстағышқа қою үшін жоғарғы қақпақты басыңыз («сырт» етеді).



4 Ұстараны ұстағыш үстінде жоғары жағын төмен қаратып ұстаңыз. Ұстараның алды SmartClean жүйесіне қарап тұрғанын тексеріңіз.



5 Ұстараны ұстағышқа қойыңыз, ұстараны артқа еңкейтіңіз және ұстараны қосу үшін жоғарғы қақпақты төмен басыңыз («сырт» етеді).

- Ұстара зарядталып жатқанын көрсету үшін батарея белгісі баяу жыпылықтайды.

Электр ұстараны қолдану

Құрылғыны қосу/өшіру



1 Құрылғыны қосу үшін, қосу/өшіру түймесін бір рет басыңыз.

2 Құрылғыны өшіру үшін, қосу/өшіру түймесін бір рет басыңыз.

- 3 шамы бар батарея зарядтау индикаторы: Қалған батарея зарядын көрсету үшін, дисплей бірнеше секундқа жанады.

Қырыну

Терінің бейімделу кезеңі

Алғашқы қырынулар күткендегідей нәтиже бермеуі мүмкін және тері аздап тітіркенуі де мүмкін. Бұл — қалыпты жағдай. Теріңіз бен сақалыңыз жаңа қырыну жүйесіне бейімделу үшін уақыт қажет.
Теріңіз жаңа ұстарға бейімделуі үшін осы ұстарамен 3 апта бойы жүйелі түрде (кемінде аптасына 3 рет) қырынуға кеңес беріледі.

Ескертпе. Бұл құрылғыны тек сымсыз қолдануға болады.

1. Құралды қосыңыз.
2. Қыратын бастарды тері бетімен айналдырып жүргізіңіз.

Ескертпе. Тура жүргізбеңіз.

3. Ұстараны қолданғаннан кейін тазалаңыз («Тазалау және күтіп ұстау» тарауын қараңыз).

Ылғалды қырыну

Бұл ұстара арқылы қырыну көбігінің немесе қырыну гелінің көмегімен ылғалды бетті қыруға немесе душта пайдалануға болады.
Қырыну көбігімен немесе гелімен қырыну үшін, төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

1. Теріні біраз сулаңыз.
2. Теріге қырыну көбігін немесе гелін жағыңыз.

3 Қыру бөлігінің тері бетімен оңай сырғуы үшін, оны ағынды сумен шайыңыз.

4 Ұстараны қосыңыз.

5 Қыратын бастарды тері бетімен айналдырып жүргізіңіз.

Ескертпе. Терінің бетімен оңай сырғуы үшін, электр ұстараны ағынды сумен қайта-қайта шайып тұрыңыз.

6 Пайдаланғаннан кейін, бетіңізді құрғатып, электр ұстараны жақсылап тазалаңыз («Тазалау және техникалық қызмет көрсету» тарауын қараңыз).

Ескертпе. Электр ұстарадан қырыну көбігін немесе қырыну гелін толық жуып кетіру керек.

Турборежим параметрі (тек кейбір (түрлерде

Бұл құрылғы қиын жерлерді оңай қыру үшін Турборежим немесе Турборежим+ параметрімен жабдықталған.



1 Ұстараны қосыңыз.

2 Қиын жерлерді тезірек қырғыңыз келсе, Турборежим түймесін бір рет басып Турборежим параметрін қосыңыз.

3 Қыратын бастарды тері бетімен айналдырып жүргізіңіз.

Ескертпе. Тура жүргізбеңіз.

4 Турборежим параметрін өшіру үшін, Турборежим түймесін бір рет басыңыз.

Басып кигізілетін саптамаларды пайдалану

Ескертпе. Жинақпен берілген қосалқы құралдар әр түрлі өнімдерде өзгеше болуы мүмкін. Қорапта құрылғымен бірге берілетін қосалқы құралдар көрсетілген.

Басып кигізілетін саптамаларды алу немесе орнату

1 Құрылғының өшірілгенін тексеріңіз.

2 Саптаманы құрылғыдан тік тартып шығарып алыңыз.

Ескертпе. Саптаманы құрылғыдан шығарып алған кезде, оны бұрамаңыз.

3 Саптаманың тұтқасын құрылғының жоғарғы жағындағы саңылауға кіргізіңіз. Одан кейін құрылғыға бекіту үшін саптаманы төмен қарай басыңыз («сырт» етеді).

Триммер саптамасын пайдалану

Мұрт пен жақ сақалды тегістеу үшін триммерді қолдануға болады.

1 Құрылғының өшірілгенін тексеріңіз.

2 Саптаманың тұтқасын ұстараның жоғарғы жағындағы саңылауға кіргізіңіз. Одан кейін құрылғыға бекіту үшін триммер саптамасын төмен қарай басыңыз («сырт» етеді).

3 Құралды қосыңыз.

4 Енді тегістеуді бастауға болады.

5 Ұстараны қолданғаннан кейін тазалаңыз («Тазалау және күтіп ұстау» тарауын қараңыз).

Сақал сәндегіш саптамасын пайдалану

1 Құрылғының өшірілгенін тексеріңіз.

2 Саптаманың тұтқасын құрылғының жоғарғы жағындағы саңылауға кіргізіңіз. Одан кейін құрылғыға бекіту үшін саптаманы төмен қарай басыңыз («сырт» етеді).

Сақал сәндегіш саптаманы тарақпен қолдану

Сақалыңызды белгіленген реттеуге сәйкес немесе түрлі ұзындықтарға реттеп сәндейтін тіркемелі тарағы бар сақалды сәндеу саптамасын пайдалана аласыз. Қыру ыңғайлы болу үшін, оны сондай-ақ қыру алдында ұзын қылдарды алдын ала тегістеу үшін пайдалана аласыз.
Сақал сәндегішіндегі қыл ұзындығын реттеу кескеннен кейінгі қалған қыл ұзындығына сай келу керек, және 1-ден 5 мм-ге дейін болады.

1 Тарақты саптаманың екі жағындағы бағыттаушы ойықтарға тура сырғытып енгізіңіз («сырт» етеді).



2 Қалаған түк ұзындығы параметрін таңдау үшін ұзындықты таңдау түймесін басып, оны оңға не солға итеріңіз.

3 Құралды қосыңыз.

4 **Тарақтың алды теріге толықтай тиіп тұрғанына көз жеткізе отырып, саптаманы жеңіл қысыммен жоғары жылжыту арқылы** енді сақалыңызды сәндеуді бастай аласыз.

5 Ұстараны қолданғаннан кейін тазалаңыз («Тазалау және күтіп ұстау» тарауын қараңыз).

Сақал сәндегіш саптаманы тарақсыз қолдану

0,5 мм-ге дейінгі сақал, мұрт, жақ сақал немесе мойындағы шаш сызығын түзету үшін сақал сәндегіш саптаманы тарақсыз қолдана аласыз.



1 Тарақты құралдан суырып шығарыңыз.

Ескертпе. Тарақты сақал сәндегіш саптамасынан тартып шығару үшін ортасынан ұстаңыз. Тарақтың шеттерінен тартпаңыз.

2 Құралды қосыңыз.

3 Енді сәндегішті теріге перпендикуляр ұстай отырып, төмен қарай жеңіл қысыммен жылжыту арқылы сақал, мұрт, жақ сақал немесе мойындағы шаш сызығын түзетуді бастай аласыз.

4 Ұстараны қолданғаннан кейін тазалаңыз («Тазалау және күтіп ұстау» тарауын қараңыз).

Тазалаушы щетка саптамасын қолдану

Айналмалы тазалаушы щетка саптамасын күнделікті тазалаушы креммен пайдаланыңыз. Тазалаушы щетка саптамасы май мен кірді кетіріп, сау әрі майсыз теріге қол жеткізесіз.

1 Саптаманың тұтқасын құрылғының жоғарғы жағындағы саңылауға кіргізіңіз. Одан кейін құрылғыға бекіту үшін саптаманы төмен қарай басыңыз («сырт» етеді).

2 Саптама басын сумен ылғалдаңыз. Құрылғыны құрғақ щетка басымен қолданбаңыз, теріні тітіркендіруі мүмкін.

Кеңес: Қырынуды оңайлату үшін және гигиеналық таза нәтижеге қол жеткізу үшін саптаманы қырынуға дейін пайдаланыңыз.

3 Бетті сумен ылғалдап, оған тазартқыш құралды жағыңыз.

4 Саптаманы оң жақ бетіңізге қойыңыз.

5 Құралды қосыңыз.

6 Саптаманы теріңіздің бетімен мұрыннан құлаққа қарай ақырын жылжытыңыз. Саптаманы теріге тым қатты баспаңыз, және күтім жайлы болатынын қадағалаңыз.

7 Шамамен 20 секундтан кейін саптаманы сол жақ бетіңізге ауыстырып, бетіңіздің сол бөлігін тазарта аласыз.

Абайлаңыз: Көздің айналасындағы нәзік теріні тазаламаңыз.

8 Шамамен 20 секундтан кейін саптаманы маңдайыңызға ауыстырып, сол жерді тазарта аласыз. Саптаманы ақырын солдан оңға қарай жылжытыңыз.

Ескертпе. Тазартуды қайта жасамауға және қандай да бір аймақты 20 секундтан ұзақ тазартпауға кеңес беріледі.

9 Тазартудан кейін, бетіңізді шайып, құрғатыңыз. Бетіңіз енді теріге күнделікті жасалатын күтімнің келесі қадамына дайын.

10 Саптаманы қолданғаннан кейін тазалаңыз («Тазалау және күтіп ұстау» тарауын қараңыз).

Тазалау және күту

Ескертпе. Жинақпен берілген қосалқы құралдар әр түрлі өнімдерде өзгеше болуы мүмкін. Қорапта құрылғымен бірге берілетін қосалқы құралдар көрсетілген.

Ұстараны SmartClean жүйесімен (тазалау (тек кейбір түрлерде

Сұйықтық ағып кетпеу үшін SmartClean жүйесін еңкейтпеңіз.

Ескертпе. Пайдалануға дайындау кезінде SmartClean жүйесін ұстап тұрыңыз.

Ескертпе. Егер ұстараны SmartClean жүйесімен аптасына бір рет тазаласаңыз, SmartClean картриджі шамамен үш айға жетеді.

SmartClean жүйесін пайдалануға дайындау



1 Шағын ашаны SmartClean жүйесінің артына қосыңыз.

2 Адаптерді қабырғадағы розеткаға қосыңыз.

3 SmartClean жүйесінің бүйіріндегі түймені басыңыз және SmartClean жүйесінің жоғарғы бөлігін көтеріңіз.



4 Тазалау картриджінің мөрін тартып шешіңіз.

5 Тазалау картриджін SmartClean жүйесіне орнатыңыз.



6 SmartClean жүйесінің жоғарғы бөлігін артқа қарай төмен басыңыз («сырт» еткен дыбыс естіледі).

SmartClean жүйесін пайдалану



SmartClean жүйесіне орнату алдында әрдайым ұстарадан артық суды сілкіп кетіріңіз.



1 Ұстараны ұстағышқа қою үшін жоғарғы қақпақты басыңыз («сырт» етеді).



2 Ұстараны ұстағыш үстінде жоғары жағын төмен қаратып ұстаңыз. Ұстараның алды SmartClean жүйесіне қарап тұрғанын тексеріңіз.



3 Ұстараны ұстағышқа қойыңыз, ұстараны артқа еңкейтіңіз және ұстараны қосу үшін жоғарғы қақпақты төмен басыңыз («сырт» етеді).

- Ұстара зарядталып жатқанын көрсету үшін батарея белгісі баяу жыпылықтайды.



4 Тазалау бағдарламасын іске қосу үшін SmartClean жүйесіндегі қосу/өшіру түймесін басыңыз.

- Тазалау бағдарламасы кезінде (шамамен 10 минут бойы) тазалау белгісі жыпылықтайды.

- Тазалау бағдарламасы аяқталғанда дайын белгісі үздіксіз жанады.
- Ұстара толығымен зарядталғанын көрсету үшін батарея белгісі үздіксіз жанып тұрады. Бұған шамамен 1 сағат кетеді.

Ескертпе. Тазалау бағдарламасы кезінде SmartClean жүйесінің қосу/өшіру түймесін бассаңыз, бағдарлама тоқтайды. Бұл жағдайда тазалау белгісі жыпылықтауын тоқтатады.

Ескертпе. Егер тазалау бағдарламасы кезінде адаптерді розеткадан суырсаңыз, бағдарлама тоқтайды.

Ескертпе. Зарядтау кезеңі аяқталғаннан кейін 30 минуттан кейін SmartClean жүйесі автоматты түрде өшеді.

5 Ұстараны кептіру үшін, оны келесі қырынуға дейін SmartClean жүйесінде қалдыра аласыз. Сондай-ақ ұстараны SmartClean жүйесінен алып, артық суды сілкіп тастап, ұстара бөлігін ашып, ұстараны ауада кептіре аласыз.

SmartClean жүйесінің картриджін ауыстыру

Егер ұстараны SmartClean жүйесімен аптасына бір рет тазаласаңыз, SmartClean картриджі шамамен үш айға жетеді.



Ауыстыру белгісі қызғылт сары түспен жыпылықтаған кезде, немесе тазалау нәтижесіне қанағаттанбай қалсаңыз, тазалау картриджін ауыстырыңыз. Аптасына бір рет пайдаланылса, SmartClean картриджі шамамен үш айға жетеді.



1 SmartClean жүйесінің бүйіріндегі түймені басыңыз және SmartClean жүйесінің жоғарғы бөлігін көтеріңіз.

2 Бос тазалау картриджін SmartClean жүйесінен алып, қалған тазалау сұйықтығын тазалау картриджінен төгіңіз.

Тазалау сұйықтығын шұңғылшаға ағызып жіберуге болады.

3 Бос тазалау картриджін қоқысқа лақтырыңыз.

4 Жаңа тазалау картриджін орамадан шығарып, картридж мөрін тартып шешіңіз.

5 Жаңа тазалау картриджін SmartClean жүйесіне орнатыңыз.

6 SmartClean жүйесінің жоғарғы бөлігін артқа қарай төмен басыңыз («сырт» еткен дыбыс естіледі).

Ұстараны ағын су астында тазалау

Жақсылап қыруы үшін, қолданған сайын ұстараны тазалап отырыңыз.

Ыстық суды абайлап пайдаланыңыз. Қолды күйдіріп алмас үшін, судың ыстық емес екенін тексеріп тұрыңыз.

Қыру бөлігін орамалмен немесе шүберекпен сүртпеңіз. Қыру ұштары зақымдануы мүмкін.

1 Ұстара бөлігін жылы ағынды сумен біраз уақыт шайыңыз.

2 Босататын түймені басып, қыратын ұстара бөлігін ашыңыз.

3 Ұстара басын ұстағышты жылы ағын су астында 30 секунд бойы шайыңыз.

4 Артық суды мұқият сілкіп тастап, қырыну басын ұстағышты кептіріңіз.

5 Ұстара басын ұстағышты жабыңыз ('сырт' етеді).

Мұқият тазалау әдісі

Құрылғының өшірілгенін тексеріңіз.

1 Босататын түймені басып, қыратын ұстара бөлігін ашыңыз.

2 Ұстара басының ұстағышын тартып, ұстара бөлігінің төменгі жағынан шығарып алыңыз.



3 Бекіту сақиналарын сағат тіліне қарсы бұрып, оларды алып тастаңыз.



4 Ұстара бастарын ұстара басының ұстағышынан алыңыз. Әр ұстара басы кескіштен және қорғауыштан тұрады.

Ескертпе. Бір уақытта бірнеше кескішті және қорғауышты тазаламаңыз, себебі олардың жинақтары бір-біріне сәйкес келеді. Егер байқаусызда кескіш қате ұстара қорғауышына салынса, тиімді қыру жұмысының қалпына келуіне бірнеше апта кетуі мүмкін.



5 Кескішті және қорғауышты ағынды су астында тазалаңыз.

6 Тазалаудан кейін кескішті қайтадан қорғауышқа орнатыңыз.



7 Ұстара бастарын ұстара басының ұстағышына қайта орнатыңыз.



Ескертпе. Ұстара бастарының шығыңқы бөліктері ұстара басы ұстағышындағы ойықтарға дәл келетініне көз жеткізіңіз.



8 Бекіту сақиналарын қайта ұстара басы ұстағышына орнатып, оларды сағат тілімен бұрыңыз.



- Әрбір бекіту сақинасында екі шығыңқы бөлік пен екі ойық бар, олар ұстара басы ұстағышындағы шығыңқы бөліктер мен ойықтарға дәл келеді.



- "Сырт" еткен дыбыс естігенше және сақина орныққанша сақинаны сағат тілімен бұрыңыз.



Ескертпе. Қырыну бастарын қайта салғанда және бекіту сақиналарын қайта бекіткенде қырыну басы ұстағышын қолыңызда ұстаңыз. Бұл әрекетті орындағанда қырыну басы ұстағышын бетке қоймаңыз, себебі ол зақымдануға әкелуі мүмкін.

9 Ұстара басын ұстағыштың топсасын қыру бөлігіндегі саңылауға қайта орнатыңыз. Ұстара басын ұстағышты жабыңыз (“сырт” етеді).

Басып кигізілетін саптамаларды тазалау

Триммер немесе сақал сәндегіш саптамаларын орамал не шүберекпен құрғатпаңыз, себебі ол тегістеуші тістерді зақымдауы мүмкін.

Триммер саптамасын тазалау

Триммер саптамасын әр пайдаланудан кейін тазалап тұрыңыз.

1 Триммер саптамасы бекітілген құрылғыны қосыңыз.

2 Триммер саптамасын ыстық ағынды сумен біраз шайыңыз.

3 Тазалағаннан кейін, құрылғыны өшіріңіз.

4 Артық суды ақырын сілкіп тастап, триммер саптамасын кептіріңіз.

Кеңес: Триммер жақсы жұмыс істеуі үшін, алты ай сайын, триммер тістерін бір тамшы тігін машинасының майымен майлап отырыңыз.

Сақал сәндегіш саптаманы тазалау

Сақал сәндегіш саптамасын пайдаланған сайын тазалаңыз.

1 Сақал сәндегіш саптаманың тарағын тартып шығарып алыңыз.



Ескертпе. Тарақты сақал сәндегіш саптамасынан тартып шығару үшін ортасынан ұстаңыз. Тарақтың шеттерінен тартпаңыз.

2 Құралды қосыңыз.

3 Сақал сәндегіш саптама мен тарақты бөлек біраз уақыт ыстық су астында шайыңыз.

4 Тазалағаннан кейін, құрылғыны өшіріңіз.

5 Артық суды ақырын сілкіп тастаңыз да, сақал сәндегіш саптамасы мен тарағын құрғатыңыз.

Кеңес: Триммер жақсы жұмыс істеуі үшін, алты ай сайын, триммер тістерін бір тамшы тігін машинасының майымен майлап отырыңыз.



Тазалаушы щетка саптамасын тазалау

Тазалаушы щетка саптамасын пайдаланған сайын тазалаңыз.

1 Құрылғының өшірілгенін тексеріңіз.

2 Щетка басын щетка негізінен ажыратыңыз.

3 Екі бөлікті жылы сумен және жұмсақ сабынмен мұқият тазалаңыз.

4 Тазалаушы щетка саптамасыз орамалмен құрғатыңыз.

Сақтау

Ескертпе. Жинақпен берілген қосалқы құралдар әр түрлі өнімдерде өзгеше болуы мүмкін. Қорапта құрылғымен бірге берілетін қосалқы құралдар көрсетілген.



Ескертпе. Саптамаларға қорғау қақпақтарын жауып, ұстараны қалтада сақтаудан бұрын құрылғыны және оның саптамаларын құрғатуға кеңес береміз.

- Кір жиналуынан қорғау үшін ұстара бөлігіне қорғау қақпағын жабыңыз.

- Электр ұстараны берілген қалтада сақтаңыз.

- Кір жиналуынан қорғау үшін тазалаушы щетка саптамасына қорғау қақпағын жабыңыз.

Ауыстыру

Тазалаушы щетка басын ауыстыру



- Тазалаушы щетка басын әрбір 3 ай сайын немесе қылшықтары бүлінген немесе зақымданған болса одан ертерек ауыстыру қажет.

Қыратын бастарды алмастыру

Жақсылап қырыну үшін, қырыну бастарын әр екі жыл сайын ауыстырып отыруды ұсынамыз.

Ауыстыру туралы ескерту

Ұстара бөлігі белгісі жанып, ұстара бастарын ауыстыру қажет екенін ескертеді. Зақымданған ұстара бастарын бірден ауыстырыңыз. Ұстара бастарын "Қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру" тарауында көрсетілгендей, тек түпнұсқа Philips ұстара бастарымен ауыстырыңыз.

1 Ұстараны өшірген кезде ұстара бөлігі белгісі үздіксіз жанып, ұстара бастарын ауыстыру қажет екенін көрсетеді.

2 Босататын түймені басып, қыратын ұстара бөлігін ашыңыз.

3 Ұстара басының ұстағышын тартып, ұстара бөлігінің төменгі жағынан шығарып алыңыз.



4 Бекіту сақиналарын сағат тіліне қарсы бұрып, оларды алып тастаңыз.

5 Ұстара бастарын ұстара басын ұстағыштан алып, қоқысқа лақтырыңыз.



6 Ұстағышқа жаңа ұстара бастарын орнатыңыз.



Ескертпе. Ұстара бастарының шығыңқы бөліктері ұстара басы ұстағышындағы ойықтарға дәл келетініне көз жеткізіңіз.



7 Бекіту сақиналарын қайта ұстара бастарына орнатып, оларды сағат тілімен бұрыңыз.



- Әрбір бекіту сақинасында екі шығыңқы бөлік пен екі ойық бар, олар ұстара басы ұстағышындағы шығыңқы бөліктер мен ойықтарға дәл келеді.



- "Сырт" еткен дыбыс естігенше және сақина орныққанша сақинаны сағат тілімен бұрыңыз.



Ескертпе. Ұстара бастарын қайта салғанда және бекіту сақиналарын қайта бекіткенде ұстара басы ұстағышын қолыңызда ұстаңыз. Бұл әрекетті орындағанда ұстара басы ұстағышын бетке қоймаңыз, себебі ол зақымдануға әкелуі мүмкін.



8 Ұстара басын ұстағыштың топсасын қыру бөлігіндегі саңылауға қайта орнатыңыз. Ұстара басын ұстағышты жабыңыз ("сырт" етеді).

9 Ауыстыру туралы еске салғышты қалпына келтіру үшін, қосу/өшіру түймесін шамамен 7 секунд басып тұрыңыз.

Қосалқы құралдарға тапсырыс беру

Қосалқы құралдар немесе қосалқы бөлшектер сатып алу үшін, **www.shop.philips.com/service** сайтына кіріңіз немесе Philips дилеріне барыңыз. Сондай-ақ,еліңіздегі Philips тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз (байланыс мәліметтерін дүниежүзілік кепілдік парақшасынан қараңыз).

Төмендегі бөлшектерге тапсырыс беруге болады:
- HQ8505 адаптері;
- SH50 Philips ұстара бастары
- HQ110 Philips қыру ұшын тазалау спрейі
- RQ111 Philips сақал сәндегіш саптамасы
- RQ585 Philips тазалау щеткасы саптамасы
- RQ560, RQ563 Philips тазалау щеткасының бастары
- JC301, JC302, JC303, JC304, JC305 тазалау картриджі

Ескертпе. Қосалқы құралдардың бар болуы мемлекеттерге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Қыратын бастар

- Біз ұстара бастарын әр екі жыл сайын ауыстырып тұруға кеңес береміз. Ұстара бастарын әрдайым түпнұсқа SH50 Philips ұстара бастарымен алмастырыңыз.

Өңдеу

- Бұл таңба осы өнімді қалыпты тұрмыстық қалдықпен тастауға болмайтынын білдіреді (2012/19/EU).

- Бұл таңба қалыпты тұрмыстық қалдықпен (2006/66/EC) тастауға болмайтын кірістірілген зарядталатын батареяны бар екендігін білдіреді. Зарядталатын батареяны кәсіби түрде алу үшін өнімді ресми жинау орнына немесе Philips қызмет көрсету орталығына апару ұсынылады.

- Электрондық және электр өнімдері мен зарядталатын батареяларды бөлек жинау бойынша жергілікті ережелерді орындаңыз. Дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізбеуге көмектеседі.

Қайта зарядталатын ұстара батареяларын шығару

Қайта зарядталатын батареяны тек ұстараны тастайтын кезде алыңыз. Алмас бұрын батарея зарядының толық таусылғанын тексеріңіз.

Абай болыңыз, батарея қырлары өте өткір болады.



1 Артқы тақтадағы бұрандаларды бұрауышпен алып тастаңыз. Одан кейін артқы тақтаны алыңыз.



2 Ілмектерді жанына қарай қисайтып, қуат бөлігін шығарып алыңыз.



3 Бекіткіш ілмектерді сындырып, қуат бөлігінің алдыңғы тақтасын алып тастаңыз.



4 Батарея ұстатқышын шығарып алып, қысқышпен батарея ілмектерін кесіңіз.

Кепілдік және қолдау

Егер сізге ақпарат немесе қолдау қажет болса, **www.philips.com/support** сайтына кіріңіз немесе бөлек дүниежүзілік кепілдік парақшасын оқыңыз.

Кепілдік шектеулері

Қыратын құрал бастары (кескіштер мен қорғауыштар) тез ескіретіндіктен, халықаралық кепілдік шарттарымен қамтылмайды.

Ақаулықтарды жою

Бұл тарауда құрылғыда ең жиі кездесетін мәселелер жинақталған. Төмендегі ақпараттың көмегімен мәселені шеше алмасаңыз, жиі қойылатын сұрақтар тізімін көру үшін **www.philips.com/support** торабына кіріңіз немесе еліңіздегі Тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

Мәселе	Ықтимал себеп	Шешім
Электр ұстара бұрынғыдай жақсы қырмайды.	Қыру ұштары зақымданған немесе тозған.	Қырыну бастарын ауыстырыңыз («Ауыстыру» тарауын қараңыз).
	Шаштар немесе кір ұстара бастарына кедергі жасайды.	Мұқият тазалау әдістерінің қадамдарын орындап, ұстара бастарын тазалаңыз («Тазалау және күтіп ұстау» тарауын қараңыз).

Мәселе	Ықтимал себеп	Шешім
Қосу/өшіру түймесін басқанда, ұстара қосылмайды.	Ұстара әлі қуат көзіне қосылған. Қауіпсіздік себептерімен ұстараны тек сымсыз пайдалануға болады.	Ұстараны қуат көзінен ажыратып, қосу/өшіру түймесін басып ұстараны қосыңыз (“Қосу үшін токтан ажырату туралы еске салғыш” бөлімін қараңыз.
	Зарядталмалы батарея таусылған.	Батареяны зарядтаңыз («Зарядтау» тарауын қараңыз).
	Тасымалдау құлпы іске қосылған.	Тасымалдау құлпын өшіру үшін, қосу/өшіру түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
	Қыру бөлігі мотор қосылмайтын деңгейде ластанған немесе зақымданған.	Ұстара бастарын тазалаңыз немесе алмастырыңыз («Тазалау және күтіп ұстау» және «Ауыстыру» тарауларын қараңыз).

Мәселе	Ықтимал себеп	Шешім
SmartClean жүйесінде тазалағаннан кейін ұстара толығымен таза емес.	Ұстара SmartClean жүйесіне дұрыс салынбаған, сондықтан SmartClean жүйесі мен ұстара арасында электр қосылымы жоқ.	Ұстара мен SmartClean жүйесін дұрыс қосу үшін жоғарғы қақпақты төмен қарай басыңыз («сырт» еткен дыбыс естіледі).
	Тазалау картриджі бос. Ауыстыру белгісі жыпылықтап, тазалау картриджін ауыстыру керек екенін көрсетеді.	Жаңа тазалау картриджін SmartClean жүйесіне орнатыңыз («Тазалау және күту» тарауын қараңыз).
	Түпнұсқалық Philips тазалау картриджінен басқа тазалау сұйықтығы пайдаланылған.	Тек түпнұсқалық Philips тазалау картриджін пайдаланыңыз.
Ұстараның төменгі жағынан су ағуда.	Тазалау кезінде корпустың ішкі жағы мен ұстараның сыртқы қабығы арасында су жиналуы мүмкін.	Бұл — қалыпты жағдай және қауіпті емес, себебі бүкіл электрондық бөлшектер ұстара ішіндегі су өткізбейтін қуат бөлігінде орналасқан.

Мәселе	Ықтимал себеп	Шешім
Қосу/өшіру түймесі басылғанда SmartClean жүйесі қосылмайды.	SmartClean жүйесі желіге қосылмаған.	Шағын ашаны SmartClean жүйесіне қосыңыз және адаптерді розеткаға қосыңыз.
SmartClean жүйесімен зарядтаған кезде ұстара толық зарядталмайды.	Ұстара SmartClean жүйесіне дұрыс салынбаған.	Ұстараны SmartClean жүйесіне құлыпталғанша басып орнатқаныңызға көз жеткізіңіз және жоғарғы қақпақты басыңыз.
Ұстара бастарын ауыстырдым, бірақ ауыстыру туралы еске салғыш әлі көрсетіліп тұр.	Ұстараны бастапқы қалпына келтірмегенсіз.	Қосу/өшіру түймесін шамамен 7 секунд бойы басу арқылы ұстараны бастапқы қалпына келтіріңіз («Ауыстыру» тарауын қараңыз).
Ұстара басы белгісі дисплейде кенеттен пайда болды.	Бұл белгі — ауыстыру туралы еске салғыш.	Қырыну бастарын ауыстырыңыз («Ауыстыру» тарауын қараңыз).
Мұрын триммер саптамасы қылдарды жұлады.	Құрылғыны тым тез жылжытасыз.	Құралды тым жылдам жүргізуге болмайды.

Мәселе	Ықтимал себеп	Шешім
Мұрын триммер саптамасы жұмыс істемейді.	Саптаманың кесу элементі өте лас, себебі кесу элементінің ішінде, мысалы, біраз мұрын шырышы кепкен.	Кесу элементін ыстық су астында шайып тазалаңыз. Құрылғыны қосып, қалған қылдарды алып тастау үшін кесу элементі тағы шайыңыз.
		Егер мұрын триммерін су астында шаю арқылы кесу элементі ашылмаса, онда оны жылы суы бар стаканға салып, бірнеше минут ұстаңыз. Одан кейін құрылғыны қосып, ағын су астында шайыңыз.

Введение

Поздравляем с покупкой продукции Philips! Чтобы воспользоваться всеми преимуществами поддержки Philips, зарегистрируйте прибор на веб-сайте **www.philips.com/welcome**.

Общее описание (Рис. 1)

1 Защитная крышка насадки-щеточки для очищения (только для некоторых моделей)
2 Насадка-щеточка для очищения (только для некоторых моделей)
3 Гребень насадки-стайлера для бороды (только для некоторых моделей)
4 Насадка-стайлер для бороды (только для некоторых моделей)
5 Съемный триммер (только для некоторых моделей)
6 Защитная крышка для бритвенного блока (только для некоторых моделей)
7 Съемный бритвенный блок
8 Кнопка включения/выключения
9 Кнопка турборежима (только для некоторых моделей)
10 Ручка
11 Гнездо для маленького штекера
12 1-уровневый индикатор зарядки аккумулятора
13 3-уровневый индикатор зарядки аккумулятора
14 Значок отключения прибора от сети перед использованием
15 Значок дорожной блокировки
16 Напоминание о замене
17 Напоминание об очистке
18 Картридж для очистки системы SmartClean
19 Система SmartClean (только для некоторых моделей)

20 Крышка системы SmartClean
21 Кнопка включения/выключения
22 Значок аккумулятора
23 Значок очистки
24 Значок замены
25 Значок готовности
26 Адаптер
27 Маленький штекер
28 Футляр (только для некоторых моделей)

Примечание. Входящие в комплект аксессуары могут различаться в зависимости от вида продукта. На упаковке перечислены аксессуары, которые поставляются с прибором.

Важные сведения о безопасности

Перед началом эксплуатации прибора и аксессуаров внимательно ознакомьтесь с настоящим буклетом и сохраните его для дальнейшего использования в качестве справочного материала. Входящие в комплект аксессуары могут различаться в зависимости от вида продукта.

Опасно!

- Избегайте попадания жидкости на адаптер.

Предупреждение

- В конструкцию адаптера входит трансформатор. Запрещается заменять адаптер или присоединять к нему другие штекеры: это опасно.
- Данным прибором могут пользоваться дети старше 8 лет и лица с ограниченными возможностями сенсорной системы или ограниченными умственными или физическими способностями, а также лица

с недостаточным опытом и знаниями, но только под присмотром других лиц или после инструктирования о безопасном использовании прибора и потенциальных опасностях. Не разрешайте детям играть с прибором. Дети могут осуществлять очистку и уход за прибором только под присмотром взрослых.
- Прежде чем промывать электробритву под струей воды, отключите ее от электросети.
